

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 1 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета**

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/NIUS7438>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора

Абыкенова Д. Б., *PhD доктор*

Ответственный секретарь

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,

д.п.н., профессор

Жумагаева Е.,

д.п.н., профессор

Абибулаева А. Б.

д.п.н., профессор

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Беларусь)

Кудышева А. А.,

к.п.н., ассоц. профессор

Омарова А. Р.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

FTAMP 14.37.27

<https://doi.org/10.48081/ALPI1364>***Р. С. Маусумбаев¹, Р. К. Толеубекова²**^{1,2}Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Нұр- Сұлтан қ.**ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫ ІСКЕ АСЫРУДА
БОЛАШАҚ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЕРДІ ДАЯРЛАУ
МЕН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Жоғары білім берудің бұдан әрі дамуы білім алушыларды дайындау және олардың білім деңгейлерін бақылау процесіне ауқымды түрде компьютерлік және ақпараттық технологияларды, ақпараттық жүйелерге қосуды қамтамасыз ететін жаппай цифрландыру, нарыққа компьютерлік оқу бағдарламаларын, оқу бағдарламалары бар платформаларын көптеп енгізу арқылы жүзеге асырылады. Осыған сәйкес, аталмыш мақалада цифрлық технологиялар жағдайындағы қашықтықтан оқытуды іске асыруда болашақ әлеуметтік мамандардың қоғам талаптарына сай дамуын қамтамасыздандырып, бұл сапаны өздігінен тиімді дамытудың педагогикалық-психологиялық шарттарын айқындауға мүмкіндік беретін цифрлық платформалардың қызметі қарастырылған. Материалдар мен әдістер бөлімінде қолданыстағы онлайн-білім беру және интерактивті платформалардың құрылымы мен мазмұнын талдау негізінде «Nearpod» және «ZOOM» платформаларында болашақ әлеуметтік педагогтерді оқыту дәрістері әзірленіп, ұйымдастыру тәжірибесі ұсынылады. Сондай-ақ, болашақ әлеуметтік педагогтерді оқытуда аталмыш платформалардың тиімділігі мен мүмкіндіктері үш кезеңде жүргізілген эксперименттік жұмыс барысында тексерілді: айқындаушы, қалыптастырушы және бақылау-бағалау. Аталмыш платформаларды қолдана отырып, педагогтің цифрлық құзыреттіліктерді меңгеру бөлігіндегі іскерлігі біздің еліміздің экономиканың барлық салаларын, соның ішінде білім беру саласын жаппай цифрландыруға көшу жағдайында тек қажеттілікке ғана емес, сонымен қатар шұғыл және де маңызды қажеттілікке айналып отыр. Бұл жағдайда оқытушының міндеті

студенттерге өз пәні бойынша қажетті білім берумен қатар, сондай-ақ, цифрландырумен және білім беру процесіне цифрлық технологияны кеңінен енгізумен байланысты еліміздің білім беру жүйесін модернизациялау жағдайында сапалы білім беретін сандық мәдениетті қалыптастыру болып табылады.

Кілт сөздер: цифрлық технология, болашақ әлеуметтік маман, қашықтықтан оқыту, әлеуметтік педагог, оқу процесі, «ZOOM» платформасы, «Nearpod».

Кіріспе

Қазіргі кезде егемен еліміз Қазақстан Республикасында жоғары сапалы білім берудің жаңаша әрі заманауи жүйесі қалыптасуда. Бұл үдерістің жүзеге асырылуы мемлекетіміздің әлемдік білім беру орталықтарына енуіне бағыттайды, бастама береді. Жалпы білім беру жүйесі деп әр елдің даму болашағын айқындайтын, халықаралық дәрежеге жетудің негізгі бағыттарын көрсететін біртұтас құрылымды атайды. Осы білім беру жүйесінің алдында үлкен бір мақсат тұр. Ол мақсат – қазіргі заман қоғамының қарқынды өзгерістерінің артынан ілесе алатын және бәсекеге қабілетті жаңа ұрпақ тәрбиелеу, жаңа адам қалыптастыру және олардың сана-сезімдерін дамыту болып табылады.

Заманауи қоғамның қалыптасу дәуірінде адамның зияткерлік және шығармашылық әлеуетінің маңызы едәуір артқан кезде, цифрлық технологиялар жағдайындағы қашықтықтан оқыту үдерісі білім беруде елеулі орын алып отыр. Осыған сәйкес, қазіргі уақытта заманауи болашақ әлеуметтік педагогтерді оқыту теориясы мен әдістемесі саласындағы көптеген зерттеулер креативтілікті, дербестікті дамытуға және ең алдымен құзыреттіліктерді арттыру үшін, сондай-ақ қашықтықтан оқытуда студенттермен жұмыс істеу кезінде оң нәтижелерге қол жеткізу үшін ең оңтайлы цифрлық технологияларды пайдалануға арналған. Мұның бәрі болашақ әлеуметтік педагогтердің өздігінен білім алуына, өзіндік жұмыс процесінде жеке және кәсіби түрде өзгеруіне мүмкіндік беретін дидактикалық жағдайларды табуының қажетті шарты болып табылады [1, б. 32–34].

Педагог болашақ әлеуметтік студенттерге ғаламдық интернет желісінен қосымша білім алу үшін цифрлық технологияларды сауатты пайдалану дағдыларын, ең бастысын үлкен көлемдегі ақпараттан бөліп көрсете білу, әртүрлі мәселелерді шешу кезінде қажетті материалдарды таба білу қабілеттерін үйрете білуі керек. Мұның бәрі болашақ әлеуметтік педагогтің тұлғасының үнемі өзін-өзі жетілдіруі және өзін-өзі дамытуы үшін қажет. Бұл процесс болашақ әлеуметтік педагогтің өзі цифрлық технологияны

қолдана отырып, технологиялық дағдыларды және практикалық дағдыларды жетік меңгерген, оларды оқу процесінде қолдану үшін ақпараттық-коммуникациялық құралдармен жұмыс істеу әдістемесін білетін және қолдана алатын жағдайда ғана тиімді болады [2].

Қазіргі уақытта әлемде қоғам өмірінің барлық саласында инновациялық қызмет маңызды орын алады. Заманауи білім беру жүйесі бастамашылығын, шығармашылық тұрғыдан ойлай білуі мен стандартты емес шешімдерге қабілетін таныта отырып, өзінің бәскеге қабілеттілігін таныта алатын экономикалық қарым-қатынасқа қатысушыларды тәрбиелеуде жетекші орын алады. Қазіргі әлемде, жас ұрпақ интернетте яғни, көп уақытты компьютерлер, планшеттер, смартфондар алдында өткізеді. Сондықтан болашақ әлеуметтік педагогтерді цифрлық технологиялар жағдайында қашықтықтан оқытуда онлайн-білім беру платформаларын пайдалану мәселесі өзекті болып отыр [3].

Интернетте оқу процесінде дұрыс және ұтымды пайдалануға мүмкіндік беретін онлайн оқыту платформаларының әртүрлі формалары мен түрлері бар.

Қашықтықтан оқытудың жетістігі оқытушының студенттерді оның қатысуынсыз алаңдатпау қабілетіне байланысты. Жаңа тақырып бойынша материал электронды түрде немесе электронды оқулық түрінде қашықтықтан оқыту курсына баспа түрінде ұсынылады. Дәрістің негізгі элементі форум немесе чат болып табылады, осылайша оқытушы жаңа тақырыпты студенттер назарына ұсына алады [4, б. 58].

Материалдар мен әдістер

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, қолданыстағы онлайн-білім беру және интерактивті платформалардың құрылымы мен мазмұнын талдау негізінде «Nearpod» және де «ZOOM» тиімді және қарапайым құралын таңдауға мүмкіндік бергенін атап өткен жөн. Zoom-бұл бейнеконференцияларға, вебинарларға және басқа да ұқсас онлайн-шараларға арналған платформа. Кездесуді тіркелген кез келген адам ұйымдастыра алады [5]. Тегін тіркелу 40 минутқа созылатын бейнеконференцияны өткізуге мүмкіндік береді. Бағдарлама жеке және топтық сабақтарға жарайды. Студенттер түрлі құрылғылардан – компьютерлерден, планшеттерден, телефондардан қол жеткізе алады. Бейнеконференцияға немесе конференция идентификаторына сілтеме бар кез келген адам қосыла алады.

Сонымен қатар, «Nearpod» – бұл оқытушыларға дәріс барысында презентациялар жасауға және студенттермен бөлісуге мүмкіндік беретін онлайн-платформа. Яғни, жай ғана электрондық пошта немесе әлеуметтік желілер арқылы презентация кодын жіберу қажет, ал студенттер ұялы телефондары немес ноутбук арқылы жалпы әрекетке қосылады. Оқытушы

слайдтарды аралап, сабақтың қарқынын белгілейді, студенттерді шығармашылық тапсырмаларды орындауға тартып және нақты уақыт режимінде нәтижені қадағалайды [6, б. 32–34].


Зерттеу барысында цифрлық платформаларға («Nearpod» және «ZOOM») кешенді талдау жасалынды.

Болашақ әлеуметтік педагогтердің дайындау үдерісінің нәтижесін анықтауда келесі эмперикалық әдістер қолданылды: оқу үдерісін бақылау, сауалнама. Студенттермен жүргізілген әдістерге математикалық статистикалық өңдеу қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Осы құралдардың платформаларында болашақ әлеуметтік педагогтерді оқыту дәрістері әзірленіп, тәжірибелік жұмыс ұйымдастырылды. Аталмыш жұмыс барысы Л. Н. Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университетінде студенттермен практикалық жұмыс барысында пайдаланылды. Сондай-ақ, білім беру платформаларының тиімділігі мен мүмкіндіктері үш кезеңде жүргізілген эксперименттік жұмыс барысында тексерілді. Экспериментке Евразиялық ұлттық университетінің «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасында» СпС-31 топ студенттері (11 студент) қатысты.

Қалыптастыру кезеңінде студенттер екі топқа бөлінді (әр топта 6 және 5 адамнан). Бірінші топқа «ZOOM» платформа арқылы арнайы дайындалған дәріс және олар үшін нақты уақыт режимінде тапсырмаларды орындау үшін өздерінің смартфондары мен планшеттік компьютерлерін пайдалану ұсынылды (1-сурет).



Сурет 1 – «ZOOM» платформа арқылы арнайы дайындалған дәріс

Екінші топқа келесідей тапсырма берілді, яғни бірінші топқа берілген тапсырмаларды (жазбаша немесе ауызша) дәстүрлі түрде орындау. Айта кету керек, бірінші топ студенттерінің мотивациясының бастапқы деңгейі әлдеқайда жоғары болды, өйткені оларға жаңа жұмыс түрі ұсынылды, сонымен қатар олардың қолында өз гаджеттері болды (1-кесте). Екінші топта студенттер тапсырмаға ынта-жігерсіз жауап берді, өйткені жаңа ақпаратты үйренудің бұл әдісі дәстүрлі дәрістерде жиі қайталанған болатын. Студенттердің бірінші айдағы өзіндік жұмысының нәтижелерін, оларды бағалауды талдай отырып, студенттердің оқудағы жетістіктері туралы келесі мәліметтерді бөліп көрсете аламыз (1-диаграмма).

Кесте 1 – 2021 жылдың наурыз айындағы студенттердің өзіндік жұмысының нәтижелері

№	Студенттердің тапсырмаларды орындау нәтижелері	Топтар бойынша орташа балл	
		1 топ (6 студент)	2 топ (5 студент)
1	Жазбаша тапсырмалардың нәтижелері (ең көбі 20 ұпай)	15 ұпай	11 ұпай
2	Тақырыпты талқылаулардың нәтижелері (ең көбі 20 ұпай)	11 ұпай	10 ұпай
3	Тақырып бойынша тапсырмаларды құрастыру (ең көбі 20 ұпай)	14 ұпай	11 ұпай
4	Аяқталған бөлім бойынша қосымша материалды өз бетінше іздеу нәтижелері (ең көбі 20 ұпай)	15 ұпай	9 ұпай
5	Қорытынды тапсырма негізінде презентация жасау (ең көбі 20 ұпай)	17 ұпай	12 ұпай
Жалпы ұпай саны		72 ұпай	53 ұпай


Диаграмма 1 – 2021 жылдың наурыз айындағы 1 топ студенттердің өзіндік жұмысының нәтижелері



Айта кету керек, 4 аптадан кейін студенттерге жаңа материалдарды ұсынудың жаңа әдісі өзгертілді. Зерттеудің екінші қалыптастырушы кезеңінде эксперименттік топтың білім беру бағдарламасына дәстүрлі емес сабақтары мен салауатты өмір салтын, бала құқығы, болашақ әлеуметтік мамандардың құзыреттілігін қалыптастыру туралы білім негіздерін, сондай-ақ әлеуметтік негіздер туралы білімді қамтитын теориялық сабақтар енгізілді.

Студенттердің дәрістерде жағымды уәждерін қалыптастыру үшін бәсекелестік сипаттағы ойындар, слайд дайындау, жаттығу сабағы, тест сұрақтары және т.б. элементтер қосылған болатын.

Бұл мәселені шешудің кешенді тәсілі ғана емес, дәстүрлі емес сабақтарды өткізудегі ең бастысы – студенттерге сабақтың мазмұнын кәсіби түрде жеткізе алу, яғни оқу материалын байытып, студенттердің өткен тақырыптарды бекітуге деген қызығушылығын ояту қажет. Осыған орай, екінші топ студенттері (8 адам) «Nearpod» жаңа бағдарламасымен жұмыс істеу ұсынылды.



Сурет 2 – «Nearpod» платформасы

Студенттердің өзіндік жұмысының нәтижелері (салыстырмалы нәтижелер) төменде келтірілген (2-кесте).

Кесте 2 – 2021 жылдың сәуір айындағы студенттердің өзіндік жұмысының нәтижелері

№	Студенттердің тапсырмаларды орындау нәтижелері	Топтар бойынша орташа балл	
		1 топ (6 студент)	2 топ (5 студент)
1	Жазбаша тапсырмалардың нәтижелері (ең көбі 20 ұпай)	15 ұпай	14 ұпай
2	Тақырыпты талқылаулардың нәтижелері (ең көбі 20 ұпай)	11 ұпай	13 ұпай
3	Тақырып бойынша тапсырмаларды құрастыру (ең көбі 20 ұпай)	14 ұпай	13 ұпай
4	Аяқталған бөлім бойынша қосымша материалды өз бетінше іздеу нәтижелері (ең көбі 20 ұпай)	15 ұпай	12 ұпай
5	Қорытынды тапсырма негізінде презентация жасау (ең көбі 20 ұпай)	17 ұпай	15 ұпай
Жалпы ұпай саны		72 ұпай	67 ұпай

Кестелерден көрініп тұрғандай, Nearpod платформасын қолдана отырып, студенттердің өзіндік жұмысының тиімділігі жоғары болды.

Диаграмма 2 – 2021 жылдың сәуір айындағы 2 топ студенттердің өзіндік жұмысының нәтижелері



Сондай-ақ, студенттердің анонимді сауалнамасы жүргізілді, бұл студенттердің 95%-дан астамы күнтізбелік жоспарда белгіленген тақырыптар бойынша дидактикалық материалдарды дәстүрлі түрде ұсынатын «Nearpod» платформасында жұмыс істеуді таңдағанын көрсетті.

Жалпы, ағылшын тілі сабақтарында «Nearpod» интерактивті онлайн-платформасын пайдалану барысында оқу бағдарламасының мақсаттарына сәйкес студенттер үшін тұтас курс құруға мүмкіндік туды. Оқудың кез келген кезеңінде студенттің академиялық үлгеріміне сәйкес курстарды өзгертуге немесе толықтыруға болады. Мысалы, студент белгілі бір тақырыпты мерзімінен бұрын игерген кезде, қалған уақытты игерілген тақырыпқа жұмсамай, жаңа мазмұнды таңдай алады. Сондай-ақ, онлайн-платформа бейне сабақтарды сақтауға және көруге мүмкіндік берді. Бейнелерден басқа, платформа студенттің жұмысына толық талдау жасайды: оның аудиторияда сөйлеуі, реакция жылдамдығы, сөйлеу қарқыны, сөйлеудегі психоэмоционалды жағдай, тілдің әртүрлі аспектілерінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру және тағы басқалар. Осылайша, біздің жағдайда «ZOOM», «Nearpod» онлайн-білім беру платформасын пайдалану: білім беру процесі субъектілерінің шығармашылық әлеуетін (оқытушы-студент), оқу уақытын пайдалану тиімділігін (тайм-менеджмент), жалпы студенттердің

эмоционалды-психологиялық жағдайын арттыруға және оң әсер етуге мүмкіндік берді.

Сауалнама нәтижелерін талдау көрсеткендей, қашықтықтан оқытуда да сабақтар мен бәсекелестік сипаттағы ойындарды, саяхат сабағын, жаттығу сабағын, слайд жасау, ашық ойындарға негізделген сабақты көптеген студенттердің дәрістерге деген негізгі уәждерінің мен қызығушылықтарының артуына ықпал етті. Студенттердің көбісінің тапсырмаларды орындау ұпай сандарының 9–11-ден 14–15-ке артқанның аңғаруға болады.

Жалпы, болашақ әлеуметтік мамандарды қашықтықтан оқытуда «ZOOM», «Nearpod» онлайн интерактивті платформасын пайдалану барысында оқу бағдарламасының мақсаттарына сәйкес студенттер үшін кез келген курсты құру мүмкіндігі пайда болды. Оқытудың кез-келген кезеңінде студенттің үлгеріміне сәйкес курстарды өзгертуге немесе толықтыруға болады. Мысалы, студент белгілі бір тақырыпты жоспарланған мерзімнен бұрын игерген кезде, қалған уақытты игерілген тақырыпқа жұмсамай, жаңа мазмұнды таңдай алады. Сондай-ақ, мысалға «Nearpod» онлайн-платформа бейне сабақтарды сақтауға және көруге мүмкіндік берді. Видеодан басқа, платформа оқушының жұмысына толық талдау жасайды: оның сабақта сөйлеуі, реакция жылдамдығы, сөйлеу қарқыны, сөйлеудегі психоэмоционалды жағдай, тілдің әртүрлі аспектілерінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру және тағы басқалар [7, б. 53].

Сондықтан, жалпы алғанда, соңғы кезеңде, дәстүрлі типтегі сабақтармен салыстырғанда қашықтықтан оқытуда онлайн платформаны дұрыс пайдалану кезінде келесі ерекшеліктерді атап өтуге болады:

- оқытушының ас, студенттің де шығармашылық әлеуеті артты;
- оқу уақытын дұрыс пайдалану тиімділігі артты;
- ақпарат алмасу жылдам қарқынмен жүзеге асырылды;
- студент жай тыңдаушы емес, белсенді қатысушы болды;
- тақырыпты ашу, оқу материалының мазмұндық-мағыналық мағынасын жете меңгеру мүмкіндігі;
- дидактикалық материалдың түрлі формалары кеңінен қолданылды;
- оқу материалын меңгеруде студенттердің есте сақтау қабілеті артты;
- анимацияны, аудио және бейнематериалдарды пайдалана отырып, студенттерге эмоционалды-психологиялық әсер етті.

Жалпы, тәжірибелік кезеңде «ZOOM», «Nearpod» онлайн-платформасының артықшылығы ретінде оның студенттерге өз бетінше жұмыс істеуге, шығармашылық, логикалық ойлау қабілетін қоса алғанда, оқытуға студенттердің қызығушылығы мен белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін функцияларын атауға болады.

Студенттердің сабақ өткізудегі түрлі әдістерге ынталандыру деңгейі К. Чернышенко әдісімен де анықталған болатын. Студенттермен жүргізілген әр сабақ арнайы фото-бейнелері, «ZOOM», «Nearpod» онлайн-платформаларында жұмыс жасау барысында арнайы скриншот бейнелері де түсірілген болатын. Содан кейін ауқымды тәжірибе жұмысы жүргізілген соң, студенттерге фотосуреттер ұсынылған болатын. Содан кейін студенттерге қандай дәрістер көңілдерін шыққан суреттерді атауға ұсындым. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, әр студент тек дәстүрлі дәрістер қана емес, сонымен қатар қашықтықтан оқытуда белсенді түрде «ZOOM», «Nearpod» онлайн-платформасында жүргізілген дәрістердерді таңдады.

Айта кету керек, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында студенттердің жауаптары оқуға деген мотивацияның күші оның құрылымы мен оқу мотивациясын басқаруда, сонымен қатар оқытушының кәсіби құзыреттілігін кәсіби игеруде жатыр [8, б. 83]

Қорытынды

Қорытындылай келе, қоғамның басты бағыттарының бірі-білім беру процесін ақпараттандыру екенін атап өткен жөн. Білім беру процесінде жаңа ақпараттық технологиялар мен онлайн – платформаларды пайдалану білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді [9].

Оқытудағы жаңа тәсілдер ең қажетті педагогикалық мәселелердің шешімдерін іздеуді, ойлау еңбегін арттыруды, оқу процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді. Қашықтықтан оқу процесінде жаңа технологияларды қолданудың басты ерекшелігі – бұл оқытушылар мен студенттерге тәуелсіз және бірлескен шығармашылық жұмыс үшін көбірек мүмкіндіктер береді, ал оны педагогикалық мақсатта пайдалану оқушылардың интеллектіне, сезімдеріне, көзқарастарына әсер ете отырып, зияткерлік мүмкіндіктерін арттыруға ықпал етеді.

Қашықтықтан оқу процесіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу және оқу-тәрбие процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану студенттердің өз мамандығына деген қызығушылығын арттыруға, шығармашылық шабытқа, ғылыми дүниетанымды қалыптастыруға, кәсіптің сапасын арттыруға, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға ықпал етеді. Сондықтан оқу процесінде жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану, білім беру процесіне ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жетістіктерін енгізу, әлемдік білім беру кеңістігіне толық ену және халықаралық деңгейге шығу қоғам дамуының жоғары тиімді технологияларына негізделген жаңа білім беру стратегиясына көшу болып табылады [10, б. 124].

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Мусаева, Г. А.** Ақпараттық технологияларды дәріске қызығушылығын арттыру құралы ретінде пайдалану [Мәтін] // Мектептегі Технология. – 2016. – № 5. – Б. 32–34.
- 2 **Краевский, В. В.** Инновациялар мен дәстүрлер – білім әлемінің екі полюсі [Мәтін] // «Эйдос» Интернет-журналы. – 2018.
- 3 **Назарбаев, Н. Ә.** «Қазақстан халқына жолдауы: болашақтың іргесін бірге қалаймыз» [Мәтін] // Егемен Қазақстан, 29.01.2011 жыл.
- 4 **Иманбаева, А.** Оқу-тәрбие процесін ақпараттандырудың менталитеті [Мәтін] // Қазақстан мектебі. – 2000. – №2 – б. 58.
- 5 **Исаева, Г.** Сабақтарда инновациялық технологияларды қолданудың кейбір ерекшеліктері [Мәтін] // Жаңа үлгідегі мұғалімді даярлаудың өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми конференция материалдары. – 2006.
- 6 **Бөрібеков, Қ. Қ.** «Қазақстан Республикасындағы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі жүйелі шаралар қабылдауды қажет етеді» [Мәтін]. – Алматы, 2016. – № 5. – Б. 32–34.
- 7 **Рулиене, Л. Н.** Цифровая грамотность и гуманитарная культура педагога в инновационной образовательной практике [Текст] / Л. Н. Рулиене // Открытое и дистанционное образование. – 2016. – № 4(64). – С. 53.
- 8 **Прокудин, Д. Е.** Цифровая культура [Текст] / Д. Е. Прокудин, Е. Г. Соколов // Вестник СПбГУ. – Сер. 17. – 2013. – Вып. 4. – С. 83.
- 9 Nearpod – приложение для эффективного мобильного обучения [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://didaktor.ru/nearpod-prilozhenie-dlya-effektivnogo-mobilnogo-obucheniya>.
- 10 **Халитова, І. Р.** Әлеуметтік педагогика [Мәтін] // Қазақстан мектебі. – 2017. – №3. – Б. 124.

REFERENCES

- 1 **Mysaeva, G. A.** Aqparattyq tehnologialardy dariske qyzygyshylygyn arttyru quraly retinde paidalanu [The use of Information Technologies as a means of increasing interest in lectures] [Text] // Mekteptegi Tehnologiya. – 2016. – № 5. – P. 32 –34.
- 2 **Kraevskii, V. V.** Inovasiolar men dasturler – bilim leminin eki polusi [Innovations and traditions-two poles of the world of knowledge] [Text] // «Eidos» Internet-jurnaly. – 2018.

3 **Nazarbaev, N. Á.** «Qazaqstan halqyna joldaýy: bolashaqtyn irgesin birge qalaimyz» [Address to the people of Kazakhstan: together we build the future] [Text] // Egemen Qazaqstan, 29.01.2011.

4 **Imanbaeva, A.** Oqý-tárбие prosesin aqparattandyrdyn mentaliteti [Mentality of informatization of the educational process] [Text] // Qazaqstan mektebi. – 2000. – № 2 – P. 58.

5 **Isaeva, G.** Sabaqtarda inovasiyalyq tehnologialardy qoldandyryn kebir erekshelikleri [Text] [Some features of the use of innovative technologies in the classroom] // Jańa úlgidegi muǵalimdi dajarlaýdyn ózekti máseleler. – 2006.

6 **Bóribekov, Q. Q.** Qazaqstan Respýblikasyndaǵy tehnikalyq jáne kásiptik bilim berý júesi júeli sharalar qabyldaýdy qajet etedi [The system of technical and vocational education in the Republic of Kazakhstan requires systematic measures] [Text]. – Almaty. – 2016. – № 5. – P. 32–34.

7 **Rýhenc, I. N.** Inovasiyalyq bilim berý praktikasynndaǵy pedagogyn sıfırlıq saýattylyǵy jáne gýmanitarlyq mádenieti [Digital literacy and humanitarian culture teacher in innovative educational practice] [Text] / I. N. Rýhenc // Ashyq jáne qashyqtyqtan bilim berý. – 2016. – № 4(64). – P. 53.

8 **Prokudin, D. E.** Sifrovaia kúltura [Digital Culture] [Text] D. E. Prokudin, E.G. Sokolov // Vestnik SPbGU. – Ser. 17. – 2013. – Vyp. 4. – P. 83.

9 Nearpod – prilozhenie dlya effektivnogo mobilnogo obucheniya [Nearpod-attachment for effective mobile training] [Electronic resource]. – Rejim dostupa: <http://didaktor.ru/nearpod-prilozhenie-dlya-effektivnogo-mobilnogo-obucheniya>.

10 **Halitova, I.R.** Áleymettik pedagogıka [Social Pedagogy] [Text] // Qazaqstan mektebi. – 2017. – № 3 – P. 124.

Материал 17.03.22 баспаға түсті.

**P. C. Маусумбаев¹, P. К. Толубекова²*

^{1,2}Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, г. Нур-Султан.

Материал поступил в редакцию 17.03.22.

ОСОБЕННОСТИ ПОДГОТОВКИ И ОБУЧЕНИЯ БУДУЩИХ СОЦИАЛЬНЫХ ПЕДАГОГОВ ПРИ РЕАЛИЗАЦИИ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Дальнейшее развитие высшего образования будет осуществляться через повсеместную цифровизацию, повсеместное внедрение на рынок компьютерных учебных программ, платформ с учебными программами, обеспечивающих масштабное включение компьютерных и информационных технологий, информационных систем в процесс подготовки и контроля уровня знаний обучающихся. В соответствии с этим, в данной статье рассмотрена деятельность цифровых платформ, позволяющих определить психолого-педагогические условия эффективного саморазвития этого качества, обеспечивая развитие будущих социальных специалистов в соответствии с требованиями общества при реализации дистанционного обучения в условиях цифровых технологий. В разделе «Материалы и методы» на основе анализа структуры и содержания существующих онлайн-образовательных и интерактивных платформ будут разработаны и предложены организационные практики обучения будущих социальных педагогов на платформах «Nearpod» и «ZOOM». Также эффективность и возможности данных платформ в обучении будущих социальных педагогов были проверены в ходе экспериментальной работы, проведенной в три этапа: констатирующий, формирующий и контрольно-оценочный. Умения педагога в части овладения цифровыми компетенциями с использованием данных платформ становятся не только необходимостью, но и насущной и важной необходимостью в условиях перехода к массовой цифровизации всех отраслей экономики нашей страны, в том числе сферы образования. В данном случае задачей учителя является формирование цифровой культуры, обеспечивающей качественное образование в условиях модернизации системы образования страны, связанной не только с предоставлением студентам необходимых знаний по своему предмету, но и с цифровизацией и широким внедрением цифровых технологий в образовательный процесс.

Ключевые слова: цифровые технологии, будущий социальный специалист, дистанционное обучение, социальный педагог, учебный процесс, платформа «ZOOM», «Nearpod».

*R. S. Mausumbaev¹, R. K. Toleubekova²

^{1,2}L. N. Gumilyov Eurasian National University,

Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.

Material received on 17.03.22.

FEATURES OF TRAINING AND EDUCATION OF FUTURE SOCIAL EDUCATORS IN THE IMPLEMENTATION OF DISTANCE LEARNING IN DIGITAL TECHNOLOGY

Further development of higher education will be carried out through widespread digitalization, widespread introduction of computer training programs, platforms with training programs to the market, providing large-scale inclusion of computer and information technologies, information systems in the process of training and monitoring the level of knowledge of students. In accordance with this, this article examines the activities of digital platforms that allow determining the psychological and pedagogical conditions for effective self-development of this quality, ensuring the development of future social specialists in accordance with the requirements of society when implementing distance learning in digital technology. In the section «Materials and Methods», based on the analysis of the structure and content of existing online educational and interactive platforms, organizational practices for training future social educators on the «Nearpod» and «ZOOM» platforms will be developed and proposed. Also, the effectiveness and capabilities of these platforms in the training of future social educators were tested during experimental work carried out in three stages: ascertaining, forming and control and evaluation. The skills of a teacher in terms of mastering digital competencies using these platforms are becoming not only a necessity, but also an urgent and important necessity in the context of the transition to mass digitalization of all sectors of our country's economy, including education. In this case, the task of the teacher is to form a digital culture that provides high-quality education in the conditions of modernization of the country's education system, associated not only with providing students with the necessary knowledge in their subject, but also with digitalization and the widespread introduction of digital technologies into the educational process.

Keywords: digital technologies, future social specialist, distance learning, social pedagogue, educational process, «ZOOM» platform, «Nearpod».

Теруге 17.03.2022 ж. жіберілді. Басуға 31.03.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,83 Мб RAM

Шартты баспа табағы 28,7.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3882

Сдано в набор 17.03.2022 г. Подписано в печать 31.03.2020 г.

Электронное издание

6,83 Мб RAM

Усл.п.л. 28,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3882

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

<https://vestnik-pedagogic.tou.edu.kz/>